

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

«БЕКІТІЛДІ»

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті» КЕАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
(02.07.2026 ж., №12 хаттама)

**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІНЕН МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2026 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде («02» 07 2026 ж., № 12 хаттама)

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

8-НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы Ереже «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтиханды ұйымдастырып, өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Осы Ереже университеттің білім алушылары, профессорлық-оқытушылық құрамы мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ.

2.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі.

2.6 «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Жарғысы (17.05.2020 жылғы №320 бұйрығы).

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Осы Ереже «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

3.2 Бакалавриаттың барлық білім бағдарламасы бойынша білім алушылар «Қазақстан тарихы» пәні бойынша курсты толық меңгергеннен кейін мемлекеттік емтиханды сол академиялық мерзімде тапсырады.

3.3 «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша мемлекеттік емтиханды аталған пәнді жүргізетін кафедрамен (әрі қарай – кафедра) Тіркеу офисі бірлесіп ұйымдастырылады.

3.4 Мемлекеттік емтиханның бағдарламасы осы пәннің типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалып, университеттің Академиялық кеңесінде бекітіледі.

4 «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра меңгерушісінің ұсынуы негізінде оқу жылына Мемлекеттік емтихан комиссиялары (бұдан әрі – МЕК) құрылады.

4.2 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК төрағалары мен құрамы Академиялық кеңестің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.3 МЕК отырыстарының кестесін диспетчерлік қызмет орталығы Академиялық күнтізбеге сәйкес жасайды және мемлекеттік емтихан

басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

4.4 Мемлекеттік емтихан бейнекамералармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі және бейнежазбалар бір оқу жылы бойы (оқу жылының 1 қыркүйегінен келесі жылдың 31 тамызына дейін) сақталады.

4.5 Тіркеу офісі Platonus жүйесінде топтар бойынша МЕК отырысының хаттамаларын қалыптастырады.

4.6 Хаттамалар негізінде мемлекеттік емтиханның емтихан ведомосы жасалады.

4.7 Мемлекеттік емтихан нәтижелері білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Қорытынды баға жіберу рейтингі бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасын ескере отырып қойылады. Ағымдағы үлгерім бағасы қорытынды бағаның 60%-ын құрайды.

4.8 Мемлекеттік емтихан бланкілік/компьютерлік тестілеу түрінде немесе емтихан билеттері бойынша дәстүрлі ауызша түрде өткізіледі.

4.9 Кафедра оқу бағдарламасын (силлабусты) басшылыққа ала отырып, оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын емтихан бағдарламасын әзірлейді және ол университеттің Академиялық кеңесі отырысында бекітіледі.

4.10 Мемлекеттік емтихан материалдары кафедра отырысында факультет жанындағы сапаны бақылау комитетімен бірлесіп талқыланады және университеттің Академиялық кеңесінде бекітіледі.

4.11 Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан үшін кафедра дайын тест тапсырмаларын ААЖ «Platonus» жүйесіне емтихан басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жүктейді.

4.11.1 Тест тапсырмаларының банкі 300-ден 500-ге дейін сұрақтан тұруы тиіс, олардың әрқайсысында бірнеше жауап нұсқасы болады және тек бір ғана дұрыс жауап қарастырылады.

4.11.2 Кафедраның жауапты оқытушысы кестеге сәйкес топтарға тағайындау жүргізеді.

4.11.3 Бір білім алушыға тесті орындауға 50 минут уақыт беріледі.

4.11.4 Компьютерлік тестілеу нәтижелері автоматты түрде ААЖ «Platonus» электрондық ведомосына енгізіледі.

4.11.5 Компьютерлік тестілеу кезінде техникалық ақаулар туындаған жағдайда акт жасалады, соның негізінде тестілеу мерзімі ұзартылады немесе қайта тапсыру ұйымдастырылады.

4.12 Бланкілік тестілеу үшін дайын тест тапсырмалары студенттер санына сәйкес көбейтіледі және дұрыс жауаптардың кілттерімен бірге кафедра меңгерушісінде сақталады.

4.12.1 Деканат емтихан басталғанға дейін емтихан комиссиясына білім алушылардың келу парағын тапсырады.

4.12.2 Емтихан басталғанға дейін 20 минут бұрын техникалық хатшы студенттердің жеке куәліктері негізінде олардың емтиханға қатысуы туралы қолдарын жинайды.

4.12.3 Комиссия төрағасы тест тапсырмалары салынған конвертті ашып, олардың білім алушыларға таратылуын ұйымдастырады.

4.12.4 Тест материалдарын техникалық хатшы бекітілген кестеге сәйкес емтихан күні жауап парақтарымен бірге таратады.

4.12.5 Бір білім алушы үшін тест тапсырмаларын орындау ұзақтығы 50 минутты құрайды.

4.12.6 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қажет болған жағдайда олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып арнайы жағдайлар жасалады, соның ішінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, емтиханды бірінші қабатта өткізу, жеке тапсыру нысанын ұйымдастыру, қосымша уақыт беру, сүйемелдеуші қызметкер тағайындау және басқа да шаралар қарастырылады.

4.12.7 Емтихан аяқталғаннан кейін білім алушы толтырылған жауап парағын және тест материалдарын емтихан комиссиясына тапсырады.

4.12.8 Жауап парақтары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес шифрлау және дешифрлау үшін жауапты қызметкерлерге беріледі.

4.13 Дәстүрлі емтихан түрінде билеттер 30 дана көлемінде жасалады: бакалавриат үшін әр билетте үш сұрақтан (Блум таксономиясының 3 деңгейі бойынша), магистратура мен докторантура үшін екі сұрақтан (Блум таксономиясының 2 деңгейі бойынша, бірінші деңгей қолданылмайды) болады.

4.13.1 Деканат емтихан басталар алдында комиссияға студенттердің келу парағын береді.

4.13.2 Емтихан басталғанға дейін 20 минут бұрын техникалық хатшы студенттердің жеке куәліктері негізінде қатысу қолдарын жинайды.

4.13.3 Комиссия төрағасы сұрақтар салынған конвертті ашады.

4.13.4 Білім алушыға билет бойынша жауап дайындауға 15–20 минут уақыт беріледі. Дайындық аяқталғаннан кейін білім алушы билет сұрақтарына жауап беріп, емтихан алушының қосымша сұрақтарына жауап береді.

4.14 Пән бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ емтиханға келмеген білім алушының тегі қарсысына емтихан ведомосында «ж» (келген жоқ) белгісі қойылады.

4.15 Дәлелді себеп болған жағдайда студент деканатты хабардар етеді және растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін МЕК төрағасының рұқсаты негізінде декан өкімімен келесі академиялық кезең басталғанға дейін емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді.

4.16 Дәлелді себепсіз емтиханға келмеу «қанағаттанарлықсыз» бағаға теңестіріледі.

4.17 Егер білім алушы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан FX белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алса, оқу пәнінің бағдарламасын қайта оқымай-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыруға құқылы.

Ғ белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушы келесі академиялық кезеңде ақылы негізде осы пәнге қайта жазылып, барлық оқу сабақтарына қатысып, мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.

4.18 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан алынған оң бағаны сол аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.19 Қорытынды бақылау бағалары аралық аттестаттау емтихандарының кестесіне сәйкес электрондық журналдарға енгізіледі.

4.20 МЕК хаттамасының нөмірі көрсетілген емтихан ведомостары акт негізінде университет мұрағатына тапсырылады және сақталады.

4.21 Мемлекеттік емтихан аяқталғаннан кейін МЕК төрағасы комиссия жұмысы туралы есеп дайындайды, ол университеттің Академиялық кеңесі отырысында талқыланады.

4.1 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра меңгерушісінің ұсынысымен оқу жылына арналған мемлекеттік емтихан комиссиясы (әрі қарай – МЕК) құрылады.

4.2 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК құрамы мен төрағасы Академиялық Кеңестің шешімінің негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.3 МЕК отырысының кестесін Академиялық күнтізбеге сәйкес диспетчерлік қызмет ортылығы жасақтайды және мемлекеттік емтиханның басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен бекітеді.

4.4 МЕК отырысы хаттамамен рәсімделеді (1-қосымша).

4.5 МЕК отырысының хаттамалары арнайы журналға тіркеледі.

4.6 Мемлекеттік емтиханның қорытындысы студенттің білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады (2-қосымша). Қорытынды баға мемлекеттік емтиханның бағасы мен ағымдық бағаларының нәтижесімен қойылады. Ағымдық баға қорытынды бағаның 60%-тін құрайды.

4.7 Мемлекеттік емтиханның ведомосі хаттаманы рәсімдеу үшін негізі болып табылады.

4.8 Мемлекеттік емтихан компьютерлік немесе бланкілік тестілеу арқылы ұйымдастырылады. Кафедра оқу бағдарламасын (силлабус) басшылыққа ала отырып, тестілік емтихан бағдарламасын әзірлейді және тестілеу талаптарына сәйкес жауап нұсқалары бар тест тапсырмаларының базасын (300-ден 500 сұраққа дейін) қалыптастырады, оның тек бір жауабы дұрыс болады.

4.9 Мемлекеттік емтихан материалдары кафедра отырысында талқыланады және факультет жанындағы сапаны бақылау комитетімен келісілген факультет кеңесінде бекітіледі.

4.10 Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан үшін кафедра «Platonus» ААЖ-не емтихан басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей дайын тест тапсырмаларын жүктейді. Кафедра бойынша жауапты оқытушы кестеге сәйкес топтарға тағайындау береді.

4.11 Бланкілік тестілеу үшін тест тапсырмаларының дайын нұсқалары студенттер саны бойынша қайталанады және дұрыс жауаптардың кілттерімен кафедра меңгерушісінде сақталады.

4.12 Тест материалын студенттерге техникалық хатшы емтихан күні бекітілген кестеге сәйкес жауап парақтарымен таратады.

4.13 Тапсырманың мазмұнын қабылдауға және оны орындауға жұмсалатын орташа уақыт тапсырмалар блогы бойынша рұқсат етілген таралу шеңберінде болуы тиіс. Бір тапсырманы шешуге кететін уақыт - 1 минут. Ерекше жағдайларда есептерді шешудің күрделілігіне байланысты уақыт 2 минутқа дейін ұзартылады.

4.14 Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, қажеттілігіне қарай қолайлы жағдай жасалады (психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, емтиханды 1-қабатта өткізу, емтиханды жеке қабылдау немесе тапсыруға қосымша уақыт беру, көмекші қызметкер тағайындау және т.б.).

4.15 Компьютерлік тестілеудің қорытындысы «Platonus» ААЖ-де электрондық ведомостьке автоматты түрде енгізіледі.

4.16 Емтиханды компьютерлік тестілеумен өту кезеңінде техникалық ақаулар байқалған жағдайда акт жасалады, оның негізінде тест ұзартылады немесе қайта тапсырылады.

4.17 Пән бағдарламасын толық көлемінде орындаған білім алушы емтиханға келмеген жағдайда емтихан ведомосінде оның тұсына қарама-қарсы «ж» (келген жоқ) деген белгі қойылады.

4.18 Дәлелді себеп болған жағдайда студент деканатты хабардар етеді, растайтын құжат ұсынылғаннан кейін мемлекеттік емтихан комиссия төрағасының рұқсаты негізінде келесі академиялық кезең басталғанға дейін декан өкімімен емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді.

4.19 Емтиханға келмеудің дәлелді себебі болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деп танылады.

4.20 «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтиханда «қанағаттанарлықсыз» «FX» деген баға алған жағдайда студент оқу бағдарламасын толық оқымастан қорытынды бақылауды қайта тапсыра алады. «Қанағаттанарлықсыз» «F» деген баға алған жағдайда келесі академиялық мерзімде осы оқу пәніне қайта жазылып, ақылы негізде қайта оқып, мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.

4.21 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханда оң бағаланған және оны осы кезеңде көтеру мақсатында қайта тапсыру рұқсат етілмейді.

4.22 Студент мемлекеттік емтиханның қорытындысымен келіспеген жағдайда, МЕК өткізілген күннен кейін келесі күні апелляция бере алады.

4.23 Аралық аттестаттау кезеңіне ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

4.24 Апелляция қорытындысы хаттамамен рәсімделеді және соның негізінде «Platonus» ААЖ-ге өзгерістер енгізіліп автоматты түрде студентке жеке апелляциялық ведомость құрылады.

4.25 Мемлекеттік емтихан аяқталғаннан кейін, төраға МЕК жұмысы жөніндегі есеп дайындап, оны университеттің Академиялық кеңесінің отырысында талқыланады.

4.26 МЕК хаттамалары акт негізінде университеттің мұрағатына тапсырылып, сонда сақталады.

5 ТЕСТ СҰРАҚТАРЫН ДАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

5.1 Кафедра, типтік оқу бағдарламысының негізінде немесе пән бойынша бағдарламаның негізінде, тест емтиханының бағдарламасын әзірлейді және (300-500 сұраққа дейін) бірнеше жауаптары бар, соның ішінде біреуі дұрыс деген тест тапсырмаларын жасайды.

5.2 Мемлекеттік емтиханның материалдары (тест тапсырмалары) университеттің Академиялық кеңесінде бекітіледі.

5.3 Тест тапсырмасы лексикалық тұрғыдан сауатты жасалуы керек. Тест тапсырмасын тұжырымдау кезінде жалпы қабылданған атаулар мен терминологияны қолдану қажет.

5.4 Тапсырманың мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына, ол болмаған кезде пәннің оқу бағдарламасына (силлабус) толық сәйкес келуі тиіс.

5.5 Жауап нұсқаларының дұрыстығы даулы болмауы керек (университет студенттеріне ұсынылған әдебиеттердегідей түсіндіріледі).

5.6 Тапсырмада тек бір толық ой болуы керек, тапсырма сұрағында негізгі сұраққа байланысты емес кіріспе сөз тіркестері, қайталаулар мен мәліметтер болмауы керек.

5.7 Тапсырмада бірыңғай ұсыну стилі сақталуы керек, жауап қойылған сұрақтың логикалық аяқталуы болуы керек.

5.8 Сұрақтар негізгі маңызды бөлімдерге, оларға бөлінетін сағаттар санына пропорционалды болуы керек тақырыптар бойынша құрастырылуы керек.

5.9 Тест тапсырмаларының базасы кафедра меңгерушісінде сақталады.

5.10 Мемлекеттік емтихан материалдарымен студенттерді алдын ала таныстырады.

5.11 Студенттер емтиханды бекітілген кесте бойынша тапсырады.

6 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

6.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

6.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова